



Ақтөбе облысының білім басқармасы

Темір ауданының білім бөлімі

Абай атындағы жалпы орта білім беретін мектебі

2021-2026 жылдарға арналған даму жоспары

Құмқұдық ауылы, 2021 жыл

**Абай атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің  
2021-2026 жылдарға арналған даму жоспары**

**МАЗМҰНЫ.**

1.  
**КІРІСПЕ.**
2.  
**БАҒДАРЛАМА ПАСПОРТЫ.**
3.  
**ДАМУ ЖОСПАРЫНЫҢ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ.**
4.  
**АБАЙ АТЫНДАҒЫ ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН  
МЕКТЕБІНІҢ 2021-2026 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ДАМУ  
ЖОСПАРЫ.**
5.  
**АБАЙ АТЫНДАҒЫ ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН  
МЕКТЕБІ МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ КОНЦЕПТУАЛДЫҚ  
МОДЕЛІ.**

## КІРІСПЕ

Жас ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие беретін жаңа қоғам мектебін қалыптастыру –қазіргі заман талабы.Ол үшін білім беруді жан-жақты жетілдіру қажет.

Қазіргі таңда кез келген мектеп басшысы мұғалімдерден өз оқушыларын жеке тұлға ретінде қарап, болашақ азаматтарды оқыту мен тәрбиелеу үдерісінде жаңаша бағыт, соны серпілістер мен шығармашылық шабыт беруді, педагогикалық ізденістерді талап етеді.Қатаң бәсекелестік заманда өзінің білімділігі мен біліктілігін таныта алар, дарынды да талапты жеке тұлға тәрбиелеу міндеті жалпы білім беретін мектептердің білім мазмұны мен оқыту үдерісіндегі тың ойлар мен шешімдердің жүйесіне тіреледі.Демек, қазіргі заманғы мұғалім-бұл өсуді басқарушы, ,көреген, әрбір оқушы үшін қалаған болашақ бейнені құрушы.Білім берудің жаңартылған үдерісін жүзеге асыру педогогтер жұмысы қызметінің сапасына тікелей байланысты.Педагог –бұл білім беруді реформалаудағы басты тұлға.Педагог-бұл адамдармен өзара байланысты реттейтін, баланың дамуын басқару үшін онымен тиімді қарым-қатынас жасайтын менеджер.Осы тұрғыдан алғанда –бұл кәсіби көшбасшы.Көшбасшы мұғалімдер өз кезегінде мұғалімнің де,әрбір оқушының да жеке басының әлеуетінің ашылуына,оның табыстылығына, бәсекеге қабілеттілігіне жол ашады.

Қазіргі кезеңде оқушының өз бетімен білімге ие болу барысында оның белсенді іс-әрекетін ұйымдастыру оқу үдерісіне қойылатын негізгі талаптардың бірі болып табылады. Бұл тәсілдеме пәндік білімді, әлеуметтік және коммуникативтік дағдыларды ғана емес, сонымен бірге өзінің жеке мүдделері мен болашағын сезінуге, сындарлы шешімдер қабылдауына мүмкіндік беретін тұлғалық қасиеттерді де меңгеруге ықпал етеді. Мұғаліммен бірлесіп шығармашылықпен айналысу және серіктес, кеңесші ретінде мұғалімнің қолдауы кезінде оқушының белсенді танымдық қабілеті тұрақты сипатқа ие болады.

Диалогтік және рефлексивті технологияларды қолдану оқушылардың жоба және зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруымен сабақтасады. Ел үшін маңызды осы стратегиялық міндеттерді шешу жағдайында тұлғаның ынталылығы, шығармашылықпен ойлауы мен дәстүрлі емес шешім қабылдау қабілеттері, кәсіби жол таңдау білігі, өмір бойы білім алуға даярлығы – оның басты функционалдық қасиеттері болып табылады. Аталған функционалдық біліктер мектеп және отбасында қалыптасады.

Қазіргі заманғы білім беру жүйесін құру, оқытудың инновациялық нысандары мен әдістерін енгізу педагог қызметкерлердің тұлғасына және кәсіптік құзіреттілігіне жоғары талаптар қоюда.

Осы талаптарға сай мектепте педагогтардың кәсіптік құзыреттілігін дамыта отырып,оның әлеуметтік мәртебесін көтеретін жүйе құрылу қажеттігі туындап отыр.

Жеке тұлғаның дамуының, өз пікірін еркін білдірудің, жаңашыл жобалар мен шығармашыл ойларды іске асырудың түпқазығы ретінде мектепте жағдай, қолайлы орта қалыптастыру керек.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру – білім беру процесінің негізі болып табылады. Пән мазмұнын меңгеру және оқу мақсаттарына қол жеткізу үдерісінде оқушылардың ақпараттық-

коммуникациялық технологияларды, атап айтсақ: қажетті ақпаратты іздеу, өңдеу, алу, құру және көрсету, ақпараттар және идеялармен алмасу үшін бірлесіп әрекет ету, жабдықтар мен қосымшаларды кең ауқымда қолдану арқылы өз жұмысын бағалау және жетілдіру сияқты қолдану дағдыларын дамыту үшін алғышарттар/жағдайлар жасау керек.

Мектептегі білім сапасына қойылатын талаптар білім берудің қазіргі заманғы ұлттық үлгісін қалыптастыру мен оның әлемдік білім беру кеңістігіне кірігуін қажет етеді.

#### **Мектеп басымдығы:**

Оқушының жеке қабілетін тану арқылы дарындылықты дамыту

**Абай атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің даму жоспарының басты стратегиялық мақсаты :**

Сапалы білімге қол жеткізуде білім алушылардың зияткерлік, рухани адамгершілігі жоғары, қоғамда өзін-өзі анықтауға қабілетті, құзыретті, әлеуметтік жетілген тұлға қалыптастыру.

Бағдарламадағы стратегиялық міндеттердің әрқайсысы кешендік сипатқа ие және жалпы білім беру жүйесіндегі негізгі бағыттарды іс жүзіне асыруға бағытталады.

Білім беруді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасының мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес, Абай атындағы жалпы білім беретін орта мектебінде дамытудың стратегиялық бағыты анықталып, жоспары әзірленді.

	<b>Бағдарлама паспорты</b>
Бағдарлама дайындау үшін негіздеме	<p>Қазақстан Республикасының Конституциясы  "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының <u>Заңы</u>;  Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2017 жылғы 12 сәуірдегі "Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру" атты мақаласы;  "Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2018 жылғы 10 қаңтардағы "Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері" атты Қазақстан халқына Жолдауы;  "Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2019 жылғы 23 қаңтардағы Жастар жылының ашылуында және 2019 жылғы 27 ақпандағы "Nur Otan" партиясының XVIII съезінде берген тапсырмасы;  Қазақстан Республикасы Президентінің "Игілік баршаға! Сабақтастық. Әділдік. Өрлеу" сайлауалды бағдарламасын және "Бірге" жалпыұлттық акциясы барысында алынған ұсыныстарды іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 19 маусымдағы № 27 <u>Жарлығы</u>;  Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаевтың 2019 жылғы 2 қыркүйектегі "Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі" атты Қазақстан халқына Жолдауы.  Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаевтың 2020 жылғы 1 қыркүйектегі «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс – қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына Жолдауы.</p>
<b>Жоспарды әзірлеген және шешім қабылдаған күн</b>	<p>Абай атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің педагогикалық кеңес шешімімен бекітілген.  №1 хаттама, 2021 жыл 31 тамыз.</p>
<b>Жоспардың мақсаты</b>	<p><b>Негізгі мақсат:</b> Жаһандық өзгерістер жайлы таным түсінігі қалыптасқан, бәсекеге қабілетті, адамгершілік құндылықтары жоғары, зерттеушілік дағдылары дамыған тұлғаны тәрбиелеу және оқыту.</p>

<p><b>Нысаналы индикаторлар</b></p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- «Назарбаев Зияткерлік мектептерінің» тәжірибесін енгізу ;</li> <li>- Инновациялық білім беру бағдарламалары мен заманауи білім беруді игерген, үздік педагогтерді қолдау;</li> <li>- Мектеп педагогтерінің сапалық құрамы пайыздық үлесі– 50%;</li> <li>- Жаратылыстану – математика пәндері бойынша білім беру оқу бағдарламаларын жетік меңгерген оқушылардың үлесі – 67%;</li> <li>- Қоғамдық – гуманитарлық пәндер бойынша білім беру оқу бағдарламаларын жетік меңгерген оқушылардың үлесі – 70%;</li> <li>- Өртүрлі деңгейдегі пән олимпиадаларына, конкурстарға, зияткерлік ойындарға қатысушы білім алушылардың санын арттыру;</li> <li>- Білім беру мекемесін басқаруда әрі қарай ізгілендіру және бөлінген көшбасшылық үрдісін дамыту;</li> <li>- 8-11 сыныптарда жаратылыстану – математикалық пәндерді үш тілде оқытуға сатылай көшу – 100%;</li> <li>-дарынды,қабілетті оқушыларды кіші мектеп жасынан тану арқылы дарындылық қабілетін ұштап,кәсіби бағыттауды жаңа инновациялық технологиялармен жетілдіру</li> </ul>
<p><b>Мектеп бағыттары</b></p>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Мектепте сындарлы оқыту негізінде білім алушылар мен педагогтардың бағалау жүйесінің сапасын жақсарту.</li> <li>2. Педагог кәсібінің жоғары мәртебесін қамтамасыз ету, педагогикалық білім беруді жаңғырту.</li> <li>3. Оқытудың қауіпсіз және жайлы ортасын қамтамасыз ету.</li> <li>4.Экономика қажеттіліктеріне және өңірлік ерекшеліктерге сәйкес кәсіптік даярлықты қамтамасыз ету.</li> <li>5. Білім алушының зияткерлік, рухани-адамгершілік және физикалық дамуын қамтамасыз ету.</li> <li>6. Мектептің цифрлық инфрақұрылымымен және қазіргі заманғы материалдық-техникалық базамен жарақтандыру.</li> <li>7. Табысты мектепке жетуде көшбасшылық пен бөлінген көшбасшылықты дамыту.</li> <li>8. Ғылымның зияткерлік әлеуетін нығайту.</li> <li>9. Мектеп мәдениетін қалыптастыру.</li> <li>10. Сабақты зерттеуді (Lesson study) дамыту.</li> <li>11. Мұғалім мен оқушының бірлескен инновациялық жобаларын жүзеге асыру.</li> <li>12. Өскелең ұрпақтың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіру мақсатында мектепте «Абай ұлағаты» күндерін тиімді ұйымдастыру.</li> <li>13. Оқушыларды білімге,өнерге баулуда бәсекелестік орта қалыптастыру.</li> </ol>
<p><b>Бағдарлама мониторингі</b></p>	<p>Мектептің оқу-әдістемелік кеңесі бағдарлама мониторингін әзірлейді және қадағалайды; онда мониторинг нәтижелері, сондай ақ мемлекеттің әлеуметтік экономикалық, білім беру саясатының басым бағыттарындағы ықтимал өзгерістер негізінде Бағдарламаны іске асыру негізіндегі іс-шараларға түзету енгізілу көзделеді. Мектеп кеңесі мен мектеп әкімшілігі жоспардың орындалуын бақылап отырады.</p>

**Миссиясы:** Мұғалімнің кәсіби шеберлігі мен құзыреттілігін дамыту арқылы, оқушыларды кәсіби бағытта бейімдей отырып табысты оқытуға қол жеткізу.

**Мақсаты:**

- Білім алушылардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу және оқыту;
- Жан-жақты дамыған тұлғаны: құзыреттілікке бағытталған, функционалды сауатты, шығармашылық дамыған, рухани құндылықтарға ие тұлғаны қалыптастыру;
- Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында жалпы білім беретін мектептің оңтайлы моделін құру.

**Міндеттері:**

1. Оқу процесіне білім алушының тұлғасы құзыреттілікке бағытталған, функционалды сауатты, шығармашылық дамыған, сапалы білім берудің жоғары деңгейін қамтамасыз ететін оқу – тәрбие бағдарламаларын енгізу;
2. Білім беру нәтижелеріне оқушылардың қол жеткізуін және оқытудың білім беру траекторияларын даралауды қамтамасыз ететін қолайлы білім беру ортасын құру;
3. Білім беру ұйымын бірыңғай сандық инфрақұрылым жүйесі мен қазіргі заманауи материалдық – техникалық құралдар базасымен жабдықтау;
4. Білім беру және тәрбие бағдарламаларын табысты игеру арқылы қоғамда өмірге бейімделген, интеллектісі дамыған, мәдениеті жоғары, салауатты жеке тұлғаны қалыптастыру;
5. Оқыту мен тәрбиелеу үшін барынша қолайлы жағдай жасау;
6. Педагогтардың білім беру жүйесін дамыту мен менеджмент жүйесін жетілдіру арқылы озат – тәжірибелі педагогтардың кәсіби шеберліктерін тарату;
7. Мониторинг жасау арқылы мектеп оқушыларын таңдауы бойынша қызығушылықтарына қарай бағыттарға бөлу;
8. Педагогтер кәсібінің беделін және олардың сапалық құрамын арттыру арқылы, оқушыларды кәсіби мамандыққа баулу;
9. Мектептің стратегиялық бағыттарына сәйкес мұғалімдердің кәсібіне қарай (жас ерекшеліктерін ескере отырып) әдістемелік құралдар құрастыру.

## **Мектептің қазіргі жай-күйінің қысқаша сипаттамасы.**

«Абай атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

**Мекен- жайы:** Ақтөбе облысы, Темір ауданы, Құмқұдық ауылы,

Мектеп 11- құрылыс

Байланыс телефоны: 8-713-46-79-5-84

**Электрондық мекен -жайы:** [abai\\_69\\_12@mail.ru](mailto:abai_69_12@mail.ru)

**Мектеп сайты:** [abai.raioo.kz](http://abai.raioo.kz)

**Мектептің ресми парақшасы:** [abai\\_zhobbm](mailto:abai_zhobbm)

**Оқу тілі :** қазақша

**Салынған жыл:** 1969

Жобалық қуаты-320 орын.

Ғимараттың жалпы аумағы -1257,5; 1 қабатты

### **Оқу кабинеттері:**

Информатика, физика-математика, биология, қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі, өзін-өзі тану, АӨД, бастауыш сынып кабинеттері мен МАД тобының кабинеті интерактивтік тақталармен жабдықталған.

24 орындық асхана, темір-ағаш өндеу, тігін шеберханалары, технология кабинеттері бар. Спорттық зал барлық құралдармен толықтырылған.

60 орындық мәжіліс залы бар. Медициналық кабинет қажетті құралдармен қамтамасыз етілген..

Абай атындағы жалпы орта білім беретін мектебі – білім алушылардың бейімділігі мен қабілетіне сәйкес бағыттар бойынша білім беруді қамтамасыз ететін бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім мекемесі. Ол үздіксіз білім беруді қамтамасыз етудегі негізгі буын болып табылады және мектеп жасындағы балалардың мемлекеттік стандарт негізінде және стандарттан тыс қосымша пәндерді оқыту арқылы оқушы қабілетін жан- жақты дамытуға мүмкіндік береді. Мектеп өз жұмысын жүзеге асыруда Қазақстан Республикасының Конституциясына, ҚР «Білім туралы» Заңына, ҚР құқықтық- нормативтік актілеріне, жергілікті басқару органдарының құқықтық аткілеріне, мектеп, Құрылтайшы арасындағы келісім-шартқа, мектеп Жарғысының жүйесіне сүйенеді.

**Абай атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің білім беру жүйесінің  
қазіргі жай-күйін талдау**

**Swot-талдау**

**Мектептің сыртқы және ішкі даму перспективаларын бағалау**

<b>Кадрлық ресурстар</b>			
<b>Ішкі мықты жақтары</b>	<b>Ішкі осал жақтары</b>	<b>Қолайлы мүмкіндіктер</b>	<b>Сыртқы қауіптер (тәуекелдер)</b>
<p>Педагогикалық кадрлар біліктілігінің жоғары деңгейі. Жанартылған форматтағы біліктілік санаттардың өсуі. Жанартылған білім беру мазмұны бойынша, үш тілділік курстары, шет тілі бойынша курстар, деңгейлік курстар арқылы біліктілікті арттыру. Көшбасшы педагогтердің үлесі-50% Қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы пән мұғалімдерінің шығармашылық әлеуетінің артуы.</p>	<p>Ұлттық біліктілік тестілеу кезіндегі теориялық білімнің төмен деңгейіндегі педагогтердің болуы</p>	<p>Көшбасшы, тренер педагогтер арқылы педагогтердің кәсіби деңгейін шыңдау</p>	<p>Химия, физика пәні мұғалімдерінің жетіспеуі</p>
<b>Материалдық-техникалық ресурстар</b>			
<b>Ішкі мықты жақтары</b>	<b>Ішкі осал жақтары</b>	<b>Қолайлы мүмкіндіктер</b>	<b>Сыртқы қауіптер (тәуекелдер)</b>
<p>Интернет желісіне қосылған қазіргі заманғы оқу кабинеттерінің, компьютерлік сыныптардың, спортпен айналысу үшін жағдайлардың, тамақтанумен, медициналық қызмет көрсетумен қамтамасыз етудің болуы. Жылы дәретхана, бейне бақылау құрылғылары, ауыз судың болуы.</p>	<p>Мультимедиялық, лингафонды кабинет, химия-биология пәндері бойынша лабораториялық кабинеттердің болмауы</p>	<p>Кабинеттерді түлектердің демеушілігімен жабдықтауды жүйелі жүргізу.</p>	<p>Кең жолақты интернет жүйесінің болмауы</p>

Оқулықтармен, оқу-әдістемелік әдебиеттермен қамтамасыз етілуі.			
<b>Ақпараттық ресурстар</b>			
<b>Ішкі мықты жақтары</b>	<b>Ішкі осал жақтары</b>	<b>Қолайлы мүмкіндіктер</b>	<b>Сыртқы қауіптер (тәуекелдер)</b>
Интернет желісіне қосылудың болуы. Оқыту сапасына мониторинг жүргізу; электрондық журнал және күнделіктер. Мектептің бірыңғай ақпараттық кеңістігі арқылы отбасы мен мектептің өзара әрекеттесуі.	Электрондық кітапхана жүйесінің болмауы	Мектеп зум платформасы арқылы мұғалімдерінің педагогикалық оқуларға қатысуы.	Ата-аналар мен оқушылардың интернет-ресурстарын жеткілікті деңгейде пайдалана алмауы.
<b>БІЛІМ БЕРУ САПАСЫН АРТТЫРУДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ШАРТТАРЫ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ</b>			
<b>Ішкі мықты жақтары</b>	<b>Ішкі осал жақтары</b>	<b>Қолайлы мүмкіндіктер</b>	<b>Сыртқы қауіптер (тәуекелдер)</b>
- Әдістемелік кеңес, проблемалық, шығармашылық топтардың жұмыс істеуі. - сертификатталған мұғалімдердің желілік қоғамдастығы. - Педагогтардың ішкі корпоративтік біліктілігін арттыру (коучинг). Әдістемелік-дидактикалық құралдарды әзірлеу. - Дарын бағытындағы жұмыстар жүйесі - Педагогикалық шеберлік, пәндік олимпиадалық байқауларға тиімді қатысуы.	Ғылыми жобаларға дайындық деңгейінің аздығы	Мұғалімдерді түрлі әдіс-тәсілдер мен технология түрлерін және білім беру трендтерін меңгерудің инновациялық жолын қарастыру.	- Дарынды, қабілетті оқушылармен оза оқытуды жүргізуді, үнемі назарда ұстауды ескермеуі; - эвристикалық тапсырмаларды оқушылардың деңгейіне сәйкес ұйымдастыра алмауы
<b>ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫН ІСКЕ АСЫРУ</b>			
<b>Ішкі мықты жақтары</b>	<b>Ішкі осал жақтары</b>	<b>Қолайлы мүмкіндіктер</b>	<b>Сыртқы қауіптер (тәуекелдер)</b>
Мектепте білім берудің жаңартылған мазмұнын (ОСО) және үш тілді енгізу бойынша іс-шаралар жоспарының болуы және	Оқыту жүйесінің өзгеруіне қатысты кейбір мұғалімдердің	Жаңартылған білім беру мазмұнындағы курстардан өтіп, біліктілікті	Кейбір оқушылар мен олардың ата-аналарының білім берудің

іске асырылуы. Lesson Study зерттеуін жүргізу. Оқушылардың оқу жетістіктерінің нәтижелілігінің мониторингі.	әдіс-тәсілдерді сабақ мақсатына сәйкес меңгермеуі.	арттыру	жаңартылған мазмұны бойынша оқушы білімін бағалауды қабылдауға дайын болмауы.
---	--	---------	---

**ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЗИЯТКЕРЛІК ЖӘНЕ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУ ШАРТТАРЫ, БІЛІМ БЕРУ САПАСЫ**

<b>Ішкі мықты жақтары</b>	<b>Ішкі осал жақтары</b>	<b>Қолайлы мүмкіндіктер</b>	<b>Сыртқы қауіптер (тәуекелдер)</b>
Оқыту сапасының оң динамикасы. Қорытынды мемлекеттік аттестаттаудың, ҰБТ-ның оң нәтижелері. Конкурстарда жүлдегерлер мен жеңімпаздардың санын арттыру. "Абай ұлағаты күндері", "Абай партасы", "Үздік сынып", "Үздік жыл оқушысы" байқауларының тиімді ұйымдастырылуы - мектеп оқушыларының республикалық және халықаралық конкурстар мен олимпиадаларға қатысуы.	Қосымша білім беру ұйымдарының болмауы - оқудағы үлгерімсіздікті жеңу мақсатында оқушылармен жеке жұмыс; - барлық оқушылардың зерттеу және жобалау қызметі;	Білім беру нәтижелеріне мұғалімдер мен ата-аналардың қызығушылығы. Оқушылардың жеке білім беру бағыттарын жүзеге асыру.	Қашықтықтан оқыту кезінде пайда болған білім сапасындағы олқылықтар

**ЖАЛПЫ АЗАМАТТЫҚ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР МЕН ИДЕАЛДАРҒА БАҒДАРЛАНҒАН БЕЛСЕНДІ АЗАМАТТЫҚ ҰСТАНЫМЫ БАР ТҮЛҒАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨЗІН-ӨЗІ ІСКЕ АСЫРУ ШАРТТАРЫ**

<b>Ішкі мықты жақтары</b>	<b>Ішкі осал жақтары</b>	<b>Қолайлы мүмкіндіктер</b>	<b>Сыртқы қауіптер (тәуекелдер)</b>
Абайдың педагогикалық-психологиялық көзқарастарына негізделген тәрбие жүйесі мен мектеп дәстүрлерінің болуы. "Мәңгілік Ел" патриоттық актісі мен "Рухани жаңғыру" бағдарламасына негізделген тәрбие жұмысының жүйесі. Ата-аналарды жалпы мектептік іс-шараларға қатысуға тарту. Жалпы мектептік ата-аналар комитеті мен	Мектептің ұйымдастыру құрылымында тең-басқару мен өзін-өзі басқарудың жеткіліксіз дамуы.	Мектепте басқару моделін жетілдіру. Жалпы қоғаммен байланысты кеңейту. Әр түрлі инновациялық педагогикалық технологияларды, тәрбие жұмысының түрлері мен әдістерін енгізу.	Әлеуметтік желілер мен БАҚ-тың өскелең ұрпақтың азаматтық сана-сезімінің қалыптасуына теріс әсері.

қамқоршылық кеңесінің, "қауіп тобындағы" балалармен алдын алу кеңесінің жұмысы			
<b>БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖӘНЕ ІСКЕ АСЫРУ ШАРТТАРЫ</b>			
<b>Ішкі мықты жақтары</b>	<b>Ішкі осал жақтары</b>	<b>Қолайлы мүмкіндіктер</b>	<b>Сыртқы қауіптер (тәуекелдер)</b>
<p>Білім беру процесінде салауатты және қауіпсіз еңбек жағдайларын жасау жөніндегі құқықтық актілер мен нормативтік-техникалық құжаттарды орындау.</p> <p>Дене шынықтыру-сауықтыру жұмыстары, медициналық–психологиялық–педагогикалық консилиум жұмысын тиімді атқару, Денсаулық мониторингі жүйесінің болуы.</p> <p>«Денсаулықты нығайтуға мүмкіндік беретін мектептер» жобасын жүзеге асыру барысында 2019-2021 жж арналған балалардың денсаулығын нығайту, дұрыс тамақтану, балалар мен жасөспірімдер арасында аурушандық деңгейін төмендету, мектеп медицинасының денсаулықты нығайтуға ықпалын жақсартудың үш жылдық жобаға ену</p> <p>Спорттық мүккәмалдардың жеткілікті болуы, спорт алаңының (корд) жасақталуы</p>	<p>Қосымша білім беру ұйымдарының болмауы</p>	<p>Оқушылар үшін таза ауада қозғалу белсенділігін (ойындар) ұйымдастыру. Балалар мен ата–аналардың дене шынықтыру-сауықтыру және ағартушылық бірлескен іс-шараларын өткізу</p>	<p>Оқушылар бәсекелестігін арттыруда оқушы конитгентінің аздық етуі</p>

## Даму жоспарының тұжырымдамасы

Абай атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде білім беру жүйесінің дамуы үш саты бойынша жүргізіледі.

**I. Бастауыш білім беру (1-4 сыныптар)** теориялық ойлау элементтерімен, өзін-өзі бақылау мен өзін-өзі түзету арқылы тәртібі мен мәдениетін қалыптастыратын, баланың жеке қабілеттерінің деңгейін анықтауға бағытталған оқу іс-әрекетінің негізгі білік-дағдысын меңгеруін жүзеге асырады. Баланың денсаулығын сақтап, нығайтуды басты назарда ұстай отырып, инновациялық негізде оқу бағдарламаларын жаңарту.

**II. Негізгі орта білім беру (5-9 сыныптар)** - 5-8-сыныптар негізгі және қосымша пәндерін меңгере отырып, өзін – өзі дамыту және түзету дағдысын, өз бетінше бағдарлау және шығармашылық іс – әрекетін дамыту арқылы білім алушы тұлғасын қалыптастыру бағытталған. Өзінің қабілеттілігі мен бейімділігін сезіну. Білім негіздерін тұрақты, терең меңгеру. Салауатты өмір сүрудің негіздерін қалау.

*9- сыныптар – бейін алды даярлық.* Әрі қарай бейін бойынша оқу үшін өзінің қабілеттіліктері мен бейімділігін анықтайды; бейін алды даярлықты жүргізеді; үйірмелер мен секциялар арқылы қосымша білім алады. 9- сыныптарды кәсіби бейімдеу мақсатында арнайы курстар жүргізуді енгізу.

**III. Жалпы орта білім беру (10-11 сыныптар)** - тұлғаның негізгі сапасы ғылыми ойлау ретінде қалыптасқан, бейін бойынша негізгі және қосымша білім беру бағдарламаларын меңгеру негізінде, саралап оқыту, мамандыққа баулу, зерттеушілік іс – әрекетке бейімдеу, өз бетінше білім алуға баулу, білім алушының өз ісін өзі шығармашылықпен жұмсауы арқылы жалпы білім алуын аяқтауға арналған; жоғары класс оқушыларын кәсіби бағдарлау, қалыптасқан білімдері мен түсініктерін әлемнің біртұтас жүйесінде интеграциялау мақсатында қолданбалы курстардың сәйкес бағдарламаларын құру сапасын нығайту.

**Абай атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің 2021-2026 жылдарға арналған даму жоспары**

**Оқушының ерекше қабілетін тану арқылы дарындылықты дамытуды оқу-тәрбие үдерісіне кешенді енгізудің кезеңдері бойынша стратегиялық бағыттары**

Даму жылдары	Дамудың негізгі мақсаты	Дамудың негізгі міндеттері	Табыс критерийі
2021-2022 оқу жылы Дайындық-ұйымдастыру кезеңі 1- жыл.	Жеке немесе бірлескен зерттеулер нәтижесінде оқушының ерекше қабілетін тану	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Дарынды дамытудың инновациялық нысандары мен әдістерін іздестіру, сұрыптау, жинақтау;</li> <li>- Мектептің басым бағытының жолдарын айқындау;</li> <li>- Жоспардың бөлімдеріне сәйкес шағын шығармашылық топ қызметін жоспарлау, үйлестіру;</li> <li>- Арнайы тұжырымдамалар дайындау.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Дарынды дамытудың әдістемелерін зерттейді, бағдарламалар дайындайды;</li> <li>- Педагогикалық эксперимент жұмыстарын ғылыми-әдістемелік жасалымдармен қамтамасыз етеді;</li> <li>- Оқу-тәрбие үдерісіне инновациялық әдіс-тәсілдер енгізеді;</li> <li>- Кабинеттердің оқу-зерттеу лабораторияларын перспективалы жетілдіру жоспарын құрады.</li> </ul>
2022-2023 оқу жылы Енгізу кезеңі 2-жыл	Мұғалімнің шығармашылық мүмкіндігін (потенциалын) үздіксіз дамытуға жағдай жасап, әдістемелік іс-әрекетті ұстазды зерттеуші-ізденуші дәрежесіне жеткізу	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Оқушының ерекше қабілетін танудың инновациялық әдіс-тәсілдерін ендіру жөнінде педагогикалық кеңестің шешімдерін әзірлеу;</li> <li>- Ендіру бағдарламасының жобасын әдіс бірлестігінде қарап, бекіту;</li> <li>- Енгізу бағдарламасы негізінде әр мұғалімнің жоспарын талқылап, бекіту,</li> <li>- Оқушылардың шығармашылық қабілетін ізденімпаздық ой-өрісін дамыту бойынша бағдарлама құру.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Мұғалімдер мен оқушылардың ізденушілік-зерттеушілік дағдылары қалыптасады.</li> <li>- Сабақтан тыс жұмыстардың аясы кеңейеді.</li> <li>- Сабақтарды талдау жүйесіне мектеп дамуының басты мақсаты бөлім ретінде енгізіледі.</li> </ul>
2023-2024 оқу жылы Зерттеу кезеңі 3-жыл	Оқытудың инновациялық технологияларын пайдалана отырып, оқушының ойлау және шығармашылығын ұштау	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Мұғалімдердің педагогикалық, кәсіптік шеберлігін шыңдау;</li> <li>- инновациялық іс-әрекеттер бойынша эксперимент нәтижелерін зерттеу;</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту бойынша зерттеу жүргізіледі.</li> <li>- Оқу-тәрбие үдерісіне енгізілген технологиялар өңделеді.</li> </ul>

<p>2024-2025 оқу жылы Тәжірибе тарату 4-жыл</p>	<p>- Жеке тұлғаның дарындылығын дамыту мақсатындағы ғылыми-әдістемелік озық әдіс-тәсілдерді жинақтау, тарату</p>	<p>- Енгізу, зерттеу бойынша ғылыми-әдістемелік эксперимент нәтижесін ғылыми-тәжірибелік конференцияда қарау</p>	<p>- Инновациялық технологиямен жұмыс жасайтын мамандар әр пәннен жеке инновациялық оқытудың бағдарламасын әзірлейді.</p>
<p>2025-2026 оқу жылы Қорытынды 5-жыл</p>	<p>- Оқытудың инновациялық нысандары мен әдістерін қолдана отырып, оқушылардың дарындылығын дамытудың ғылыми-әдістемелік жүйесін құру</p>	<p>- Оқу үдерісіндегі оқушылардың ғылыми қоғамын, олимпиада орталықтарын жаңа сипатта құру, ғылыми еңбектерін жинақтау; - Пәндер бойынша деңгейлік тапсырмаларды дайындауды аяқтау; - Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту мақсатындағы оқытудың жаңа технологиялары бойынша сабақ үлгілерін жинақтауды аяқтау.</p>	<p>- Оқушылардың ізденімпаздық қабілеті дамиды. - Қызығушылығы жоғары оқушылар үшін арнайы курстар ұйымдастырылады. - Ғылыми қызығушылығы жоғары дарынды оқушылар үшін дидактикалық материалдар банкі жасалады. - Мектепшілік эксперимент барысында жинақталған барлық материалдар баспадан шығарылып, дайындалады</p>

## Мектептегі тәрбие жұмысының тиімділігін арттыру индикаторы

Іс –шара атауы	2021- 2022	2022- 2023	2023- 2024	2024- 2025
Мектепте білім алушылардың рухани-адамгершілік дамуын қамтамасыз етуге, жалпыадамзаттық, ұлттық және отбасылық құндылықтарға негізделген іс – шараларға қатысу үлесі	55%	65%	75%	85%
«Жас Сарбаз» әскери – патриоттық «Жас Қыран», «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер қозғалысының қызметін ұйымдастыру үлесі	40%	50%	60%	70%
Мектепте оқушылардың денсаулығы мен өмірлік дағылдыларын қалыптастыру, зорлық – зомбылыққа жол бермеу , кәмелетке толмағандар арасында суицидтің алдын алу үлесі	70%	80%	90%	100%
«Қоғамға қызмет» волонтерлық әлеуметтік жобасы аясында қамтылған оқушы үлесі	70%	80%	90%	100%
Рухани -танымдық құндылықтар жүйесі «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында қамтылған оқушылар үлесі	75%	85%	95%	100%
Мектептегі отбасылық тәрбие аясында «Мерейлі отбасы» жобасына қамтылған ата – аналар үлесі	75%	85%	95%	100%
Оқушыларға кәсіптік бағдар беру, ақпараттық – экологиялық әлеуметтік маңызы бар шараларды жандандыру үлесі	75%	85%	95%	100%
«Ұшқыр ой алаңы» дебаттық қозғалысы жалпы ұлттық, мәдени білім беру жобасын іске асыру бойынша оқушылар үлесі	70%	80%	90%	100%
Жасөспірімдердің репродуктивті денсаулығын сақтау, нашақорлық,алкоголизм, темекі шегудің алдын – алу үлесі	70%	80%	90%	100%

## «ДАРЫНДЫ ЖӘНЕ ТАЛАНТТЫ ОҚУШЫ» кіші бағдарламасы

**Нысаналы мақсаты:** Дарынды балалармен жұмыс істеу нысандары мен әдістерін кеңейту арқылы жаңа психологиялық-педагогикалық технологияларды енгізу.

### Міндеттері:

- 1) Ерекше білім беруге қажеттілігі бар дарынды оқушыларды анықтау және қолдау;
- 2) білім берудің пәндік дамытушы ортасын ескере отырып, баланың дарындылығын жетілдіру;
- 3) олимпиадалық байқауға қатысушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау;
- 4) дарынды балалармен жұмыс жүргізетін педагогтарға әдістемелік жағдай жасау ;
- 6) дарынды баланы тәрбиелеу мәселелерінде ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру;

### Күтілетін нәтижелер:

- дарынды балаларды анықтау, қолдау және дамыту жүйесін құру;
- оқушының жетістігіне ықпал ететін физикалық және психикалық денсаулықты сақтайтын білім беру ортасын құру;
- дарынды балалар мен жасөспірімдерді дамытуға бағытталған жеке білім беру бағдарламаларын әзірлеу және апробациялау
- педагогтардың дарынды оқушылармен жұмыс істеу технологияларын меңгеруі;
- дарынды оқушылармен жұмыс істейтін мұғалімдердің шығармашылық тобын құру;
- Желілік қоғамдастықты басқару және жетекшілік ету (мектептердегі ортақ проблемаларды шешу үшін мектеп аясында және аудан мен географиялық жақын орналасқан мектептер арасында тәжірибе алмасу):

## "КАДРЛЫҚ ӘЛЕУЕТ" кіші бағдарламасы

**Нысаналы мақсаты:** Педагог қызметкерлердің кәсіби деңгейін жаңа әдістемелік іс-әрекетпен қаруландыру.

### Міндеттері:

- Педагог қызметкерлердің психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін дамыту;
- Мектеп әкішілігі мен педагог қызметкерлерінің мемлекеттік оқу жүйесіне жаңа бағдарламаны енгізу арқылы дамыту;
- Мұғалімдердің жаңашыл тәжірибесін қолдау және тарату;
- Жас мамандарды ұжымға неғұрлым оңай бейімдеуді қамтамасыз ету;
- «Жас маман-жас қанат жобасын тиімді жүзеге асыру

### Күтілетін нәтижелер:

- ҚР -ның "Педагог мәртебесі туралы" Заңын басшылыққа ала отырып, білім беру ұйымдарының мәселелерін шешуде инновациялық даму негізінде білім берудің жоғары адамгершілігі, құзыреттілігі, іскерлік белсенділігі мен кәсіби икемділігі және сапа қызметі - кадр әлеуетін сипаттайды .
- Мектептерде үздік педагогтерді сақтау үшін моральдық және материалдық ынталандыру жүйесін енгізу;
- инновациялық орта қалыптастыру;
- педагогтердің біліктіліктілігін арттыруда қайта даярлау курстарына жіберу арқылы олардың алған білімін практикаға енгізу, озат тәжірибені тарату;
- нәтижеге жеткен педагогтарды үнемі мотивация беру арқылы ынталандыру;  
\* жаңартылған білім мазмұны бойынша сертификатталған педагогтар арасында шығармашылық топ құру.

**Педагог кәсібінің беделін және олардың сапалық құрамын  
арттырудағы даму индикаторы**

Индикаторлар	2022 ж	2023 ж	2024 ж	2025 ж
Педагог-сарапшы, педагог-зерттеуші, педагог-шебер санатындағы педагогтердің үлесі	55 %	65 %	85 %	90 %
Біліктілікті арттыру курстарынан өткен, оның ішінде білім беру мазмұнын жаңарту бойынша педагогтердің үлесі	80 %	100 %	100 %	100 %
Жас мамандардың үлесі	27 %	35 %	40 %	45 %
Инновациялық жобаларға қатысатын мұғалімдердің үлесі	20 %	30 %	40 %	60 %
Білім беру процесінде АКТ-ны пайдалану үлесі	80 %	90 %	100 %	100 %
Пәндерді ағылшын тілінде оқытуға дайындалған мұғалімдер саны	7 %	15 %	30 %	40 %

## Материалдық-техникалық базаны дамыту индикаторы

Индикатор	2022 ж	2023 ж	2024 ж	2025 ж
Оқу жабдығымен жабдықталған оқу кабинеттерінің, зертханалардың, шеберханалардың үлесі	60 %	70 %	80 %	100 %
Көркем әдебиет кітапханасының қорын ұлғайту	50 %	60 %	70 %	90 %

### «САЛАУАТТЫ МЕКТЕП» кіші бағдарламасы

**Мақсаты:** денсаулықты сақтауға және жақсартуға ықпал ету білім алушылардың салауатты өмір салтына деген қажеттілігін дамыту.

#### **Міндеттері:**

- 1) білім алушылардың психологиялық және әлеуметтік денсаулықтарын сақтау және нығайту;
- 2) білім алушылардың, педагогтардың, ата-аналардың денсаулық мәдениетінің деңгейін нығайту;
- 3) денсаулық сақтауды қамтамасыз ететін мектептің ішкі ортасын құру;
- 4) білім беру процесінің сипаты және білім алушылар мен педагогтердің қауіпсіздігі;
- 5) зиянды әдеттердің алдын алу және ескерту, салауатты өмір салтын насихаттау;
- 6) білім алушылардың тамақтануын ұйымдастыруды жетілдіру;
- 7) қатысушыларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді ұйымдастыру ;

2021 -2026 жылдарға арналған даму жоспарын жүзеге асыруда теориялық – практикалық қабілетті, бойындағы табиғи қабілеттері мен мүмкіндіктері ашылған, бәсекеге қабілетті тұлға болып өскен қазіргі мектеп оқушыларының моделі қалыптасады.

#### Оқушы моделі

##### 4- сынып

Білім алушылардың коммуникативтік, танымдық, шығармашылық білік - дағдылары қалыптасады;

Білім алушылардың тыңдалым, айтылым, оқылым және жазылым дағдыларын меңгеру процесінде функционалдық сауаттылығы артады;

Өз халқының мәдениеттері мен рухани құндылықтарын бойына сіңіреді;

Бейнелік және логикалық ойлауы дамиды;

Алған білім, білік дағдыларын өмірлік жағдаяттарда пайдалануға тәрбиеленеді;

Салауатты өмір салтына тәрбиеленіп, ақыл – ой, дене тәрбиесі жетіледі;

Жеке шығармашылық қабілеті жетіліп, интеллектуалдық қабілетін танытады;

Халықаралық салыстырмалы зерттеулерде табиғи қабілеттерін, оқу жетістіктерін дәлелдейді.

#### Оқушы моделі

##### 9- сынып

Адами мәдениеті, жеке тұлғалық өзін – өзі дамыту дағдылары қалыптасады ;

Ғылым негіздері бойынша базалық білім жүйесі, ерекше білім алу қажеттіліктері қалыптасады;

Әлеуметтанудағы өзара іс-қимылы, сыни және шығармашылық ойлауы жетіледі;

Алдына мақсат қоя білетін икемділіктері арқылы мамандығын дұрыс таңдайды;

Білімін өмірлік жағдаяттарда пайдалана алады;

Рухани өресі кең, елжанды, өзіндік азаматтық көзқарасы қалыптасады.

#### Оқушы моделі

##### 11- сынып

Білім алушының қызығушылық қажеттілігі анықталады;

Коммуникацияның түрлі тәсілдерін, сандық технологияларды меңгереді;

Зияткерлік әлеуеті жоғарылайды;

Өмір жағдаяттарында кездескен өзекті мәселелер; шешуге қабілетті;

Экономикалық қажеттіліктен мен өңірлік ерекшеліктерін сәйкес мамандық таңдайды

Рухани- адамгершілік, физикалық дамуы қалыптасқан, салауатты өмір салтын ұстанады ;

Ұшқыр ойлы, көшбасшылық қабілеті қалыптасады

## **АБАЙ АТЫНДАҒЫ ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕБІ МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ КОНЦЕПТУАЛДЫҚ МОДЕЛІ**

Мектеп дамуының аксиологиялық негізіне қарай, 2021 жылға дейінгі дамуының мақсаттары мен миссиясы негізінде , сонымен қатар педагогикалық қызметтің сапасына қойылатын талаптарын негізінде

## **АБАЙ АТЫНДАҒЫ ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕБІ МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ КОНЦЕПТУАЛДЫҚ МОДЕЛІ**

құрылды.

### **ҚҰЗЫРЛЫ ПЕДАГОГ:**

Жалпы және қарым –қатынас мәдениеті жоғары, диалог барысында қамтамасыз етілетін күрделі коммуникативтік тәжірибесі мен теориялық білімі бар.

Өз пәні саласындағы теориялық және практикалық жетістіктерді меңгеру қабілеті жоғары, пәндік білімді өзектілігі , ғылымилығы жағынан талдай алады.

Жеке өзінің немесе өзге (отандық, шетел, тарихи) педагогикалық озық тәжірибеге деген сыни көзқараспен бағалауымен оны тәжірибеде біріктіре отырып пайдалана алады.

Инновациялық педагогикалық нәтижеге қол жеткізуге және озық педагогикалық ойларды шығаруға мүмкіндік беретін жеке креативтік қасиеттерді дамыту мен қалыптастыруға ұмтылысы жоғары.

Рефлексивтік мәдениетінің болуы, өздік қорытуға, талдауға немесе педагогикалық үдеріске қатысушылармен біріккен рефлексияға деген ұмтылысы қалыптасқан;

Әдіснамалық мәдениет, концептуалды ойланудағы біліктілік пен дағды, педагогикалық үдерісті моделдеу және өз қызметінің нәтижелерін болжай алады;

Педагогикалық үдеріске қатысушы өзге субъектілермен бірге әлеуметтік тәжірибені бірігіп меңгеруге дайын;

Өте жылдам дамып жатқан ақпарат ағымы жағдайында ақпаратты алу, қабылдау, талдау, сақтау, қайта жаңғыртуды меңгерген ;

Кәсіби бәсекелестік ұғымын педагогтың жеке басын дамытуындағы қозғалту күші түсінігін қабылдаған.